

"Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 14 тамыздағы N 215 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 18 қыркүйекте N 1937 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 18 желтоқсандағы N 377 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 18.12.2013 № 377 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1-бабына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, мемлекеттік қызметті сапалы көрсету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы А.Р. С а т ы б а л д и н ғ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	К. Максұтов	
Қарқаралы	ауданы	әкімдігінің
2012	жылғы	14
N	215	тамыздағы
бекітілген		қаулысымен

"Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы регламентте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі (бұдан әрі – бөлім)

құрылыс және сәулет саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;

2) елді мекен - азаматтардың шаруашылық және өзге де қоғамдық қызметтері нәтижесінде қалыптасқан республиканың аумағында жинақы қоныстанған, кемінде 50 адам саны бар, заңда белгіленген тәртіппен есепке алынған және тіркелген әрі жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бөлік;

3) жарнама - адамдардың беймәлім тобына арналған және жеке немесе заңды тұлғаларға, тауарларға, тауар белгілеріне, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға арналған және оларды өткізуге жәрдемдесетін кез келген нысанда, кез келген құралдардың көмегімен таратылатын және орналастырылатын ақпарат;

4) жарнама беруші - жарнама жасау, тарату және орналастыру үшін жарнамалық ақпарат көзі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

5) құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің және өзге де ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі;

6) мемлекеттік қызмет көрсету регламенті – мемлекеттік қызмет көрсету стандартының сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды белгілейтін және орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының, лауазымды адамдардың, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызмет тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт;

7) сыртқы (көрнекі) жарнама - жылжымалы және жылжымайтын объектілерде орналастырылған, сондай-ақ ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлінген белдеулеріндегі және елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырылған жарнама.

2. Жалпы ережелер

2. "Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті – (бұдан әрі - регламент) елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру тәртібін белгілейді.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының "Жарнама туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Заңының 11, 17-2-баптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы "Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру ережесін бекіту туралы" N 121 қаулысына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы

бөлімімен, "Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімімен", "Ауданның жол полициясы бөлімшесімен" келісім арқылы көрсетіледі (бұдан әрі - мүдделі мемлекеттік органдар) .

5. Елді мекендерде (көрнекі) жарнама объектісін орналастыруға жергілікті атқарушы орган берген рұқсат болған кезде беріледі.

6. Жергілікті атқарушы орган сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің болжанған мекен-жайын, орналасқан жерін, типін (нысанын, түрін), жарнаманың жұмыс режимін, рұқсат қолданысының басталу және аяқталу мерзімдерін, сыртқы (көрнекі) жарнама объектісіне және оны техникалық пайдалануға қойылатын талаптарды көрсете отырып, шешімнің жобасын дайындайды.

7. Жергілікті атқарушы орган өтінішті алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат береді не негізгі түрде бас тарта отырып, жазбаша жауап қайтарады.

8. Рұқсат 1 жыл мерзімге беріледі.

Рұқсаттың қолдану мерзімі 1 жылға ұзартылуы мүмкін, бұл ретте өтініш беруші ақпаратты және құжаттарды көрсете отырып жергілікті атқарушы органға өтініш береді.

9. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінің талаптары

10. Мемлекеттік қызмет, регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мүдделі мемлекеттік органдардың, бөлімнің мекен-жайларында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес көрсетіледі.

11. Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыруға ниеті бар адам жергілікті атқарушы органға жазбаша өтініш жібереді.

Өтініште:

1) жеке тұлғалар үшін - өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, почталық мекен-жайы (болса - телефоны, факсы), салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) немесе жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);

2) заңды тұлғалар үшін - ұйымның атауы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер, басшының тегі, аты, әкесінің аты, почталық мекен-жайы (болса - телефоны, факсы), салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН);

3) сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің мақсаты мен негізгі параметрлері;

4) өтініш беруші таңдаған орынға орналастыруды негіздей отырып сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің болжалған орнының мекен-жайы көрсетіледі.

12. Рұқсат алуға арналған өтінішке:

1) жер учаскесіне немесе сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыруға арналған объектіге құқық белгілейтін құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі не өтініш беруші сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға ұсынылатын объектінің меншік иесімен (меншік иелерімен), кондоминиум объектісін басқару органымен немесе өзге де заттық құқықтарға ие тұлғалармен жасалған сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыру туралы шарттар;

2) сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға ұсынылған объектінің күндізгі және түнгі бейнесін қамтитын нобай, сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің жұмыс істеуін инженерлік қамтамасыз ету жөніндегі шешім қоса беріледі.

13. Өтініш бланкілері бөлімде арнайы тағанға орналастырылады немесе бөлімнің жауапты маманында болады.

14. Рұқсат беру рәсімдері:

1) жарнама беруші рұқсат алу үшін осы регламенттің 11-тармағына сәйкес құжаттарды жергілікті атқарушы органға өткізеді. Бөлімнің арнайы кіріс журналында тіркеліп, "Жарнама туралы" Заңының талаптарына сәйкес нөмір беріледі;

2) бөлім қабылданған құжаттарды тексереді және 1 (бір) жұмыс күні ішінде рұқсат беруге келісім алу үшін мүдделі мемлекеттік органдарға жолдайды;

3) мүдделі мемлекеттік органдар 1 (бір) жұмыс күні ішінде рұқсат алуға келісім береді. "Жарнама туралы" Заңының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, құжаттар сол күні қайта қайтарылады;

4) келісім берілген рұқсатына бөлім 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттарды рәсімдеп, басшы (немесе басшының міндетін атқарушы) қол қояды, елтаңбалық мөрмен растайды, арнайы журналға тіркейді;

5) жарнама беруші арнайы журналға қолын қойып және қойылған үлгідегі рұқсат құжатын алып кетеді.

15. Бөлім рұқсат беру бойынша қызметін тегін көрсетеді.

16. Уәкілетті органда мемлекеттік қызмет күнделікті мерекелік және демалыс күндерді қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсанындағы Заңына, регламентке 1-қосымшадағы мүдделі мемлекеттік органдар, бөлімнің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес ұсынылады.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара әрекеттесулер) тәртібінің сипаттамасы

17. Жарнама берушінің өтініші бөлімнің кіріс корреспонденциясы ретінде тіркеледі.

18. Мүдделі мемлекеттік органдардың, бөлімнің жұмыс кестелері және мекен-жайлары аудан әкімінің www.karkaraly.kz ресми сайтында, сондай-ақ регламентке 1-қосымшада көрсетілген.

19. Жарнама берушімен бөліміне ұсынылуға қажетті құжаттардың тізімі, регламенттің 11-тармағында көрсетілген.

20. Органдардың лауазымды тұлғаларының байланыс деректері регламентке 2-қосымшада көрсетілген.

21. Регламентке 3-қосымшада елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру үдерісінің схемасы көрсетілген.

5. Мемлекеттік қызметтерді көрсететін тұлғалардың жауапкершілігі

22. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінің бұзылғаны үшін лауазымды тұлғалар жауапкершілікке тартылады.

"Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

Мүдделі мемлекеттік органдардың, бөлімнің жұмыс кестелері және мекен-жайлары

р/с	Мүдделі мемлекеттік органдардың, бөлімнің атауы	Мекен-жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
1	Қарқаралы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі	Қарқаралы қаласы, Әубәкіров көшесі, 23 үй, 8 кабинет	9-00 - 18-00; үзіліс 13-00 – 14-00. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі	8-72146-32-9-00
2	Қарқаралы ауданының жол полициясы бөлімшесі	Қарқаралы қаласы, Әуезов көшесі, 42 үй	9-00 - 18-00; үзіліс 13-00 – 14-00. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі	8-72146-31-6-66
3	Қарқаралы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	Қарқаралы қаласы, Әубәкіров көшесі, 23 үй, 10 кабинет	9-00 - 18-00; үзіліс 13-00 – 14-00. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі	8-72146-32-8-84

"Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға

рұқсат
қызмет
2-қосымша

беру"
көрсету

мемлекеттік
регламентіне

Органдардың лауазымды тұлғаларының байланыс деректері

№ п/п	Мүдделі мемлекеттік органдардың, бөлімнің атауы	Басшысы	Мекен-жайы, телефоны	Электрондық почта мекен-жайы
1	Қарқаралы ауданының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі	Бөлім бастығы	Қарқаралы қаласы, Әубәкіров көшесі, 23 үй, 8 кабинет	www.karkaraly.kz
2	Қарқаралы ауданының жол полициясы бөлімшесі	Бөлімше бастығы	Қарқаралы қаласы, Әуезов көшесі, 42 үй	www.karkaraly.kz
3	Қарқаралы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	Ауданның бас архитекторы	Қарқаралы қаласы, Әубәкіров көшесі, 23 үй, 10 кабинет	www.karkaraly.kz

"Елді мекендерде сыртқы (көрнекі)
жарнама объектілерін орналастыруға
рұқсат беру" мемлекеттік
қызмет көрсету регламентіне
3-қосымша

Сыртқы және көрнекі жарнаманы орналастыруға рұқсат беру үдерісінің схемасы

